



Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, архив ісі, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 13 сәуірдегі № 32/01 қаулысы

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 18-бабының 2) тармақшасына, 139-бабының 9-тармағына және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Жаңаарқа ауданының әкімдігі **КАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, архив ісі, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Аудан әкімдігінің 2026 жылғы 17 наурыздағы №24/02 қаулысының күші жойылған болып танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі м.а

М. Ибраев

Жаңаарқа ауданы әкімдігінің
2026 жылғы 13 сәуірдегі №32/01
қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, архив ісі, спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

№	Лауазым атаулары
1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:	
Басқарушы персонал:	
1.	Аудандық маңызы бар ұйымның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын үйде қызмет көрсету бөлімшесінің меңгерушісі
2.	Аудандық маңызы бар КММ басшысы (директор)
Негізгі персонал:	
3.	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант
4.	Әлеуметтік қызметкерлер
Әкімшілік персонал:	

5.	Бухгалтер
6.	Заңгер
7.	Психолог
2. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:	
Басқарушы персонал:	
1.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры)
2.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшының (директорының) орынбасары
3.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК сектор басшысы
4.	Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК бөлім басшысы
5.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК көркемдік жетекшісі
6.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК әдістемелік кабинет меңгерушісі (басшысы)
7.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК кітапхана меңгерушісі (басшысы)
Негізгі персонал:	
8.	Ұжым (үйірме) басшысы
9.	Әкімші (негізгі қызметтер)
10.	Аккомпаниатор
11.	Музейлер қорын есепке алу архивісті
12.	Библиограф
13.	Кітапханашы
14.	Концертмейстр
15.	Дыбыс режиссері
16.	Мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер)
17.	Барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер)
18.	Музыкалық жетекші
19.	Редактор (негізгі қызметтер)
20.	Режиссер
21.	Барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер)
22.	Хореограф
Әкімшілік персонал:	
23.	Бухгалтер
24.	Экономист
25.	Барлық атаудағы мастер
26.	Барлық атаудағы техниктер
27.	Заң кеңесшісі
28.	Бағдарламашы
29.	Инструктор

30.	Дыбыс операторы
Қосалқы персонал:	
31.	Жарық аппаратурасы, бейнежазба, дыбыс жазбасы операторы
32.	Іс жүргізуші
3. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:	
Басқарушы персонал:	
1.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы
2.	Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысының орынбасары
Негізгі персонал:	
3.	Жаттықтырушы-оқытушы
4.	(Мамандырылыған) медициналық бике
5.	(Мамандырылыған) медициналық аға
6.	Менеджер
Әкімшілік персонал:	
7.	Бухгалтер
8.	Экономист
9.	Заңгер
10.	Нұсқаушы (нұсқаушы-спортшыдан басқа)
11.	ММ және МҚК шаруашылық қызмет көрсетумен айналысатын (бюро, гараж, іс-жүргізуші, сақтау камерасы, кеңсе, қазандық, кір жуатын орын, қойма, шаруашылық) құрылымдық бөлімшенің басшысы
12.	Зертханашы
13.	Инженер
Қосалқы персонал:	
14.	Іс жүргізуші

Аббревиатураны ажырату:

ММ – мемлекеттік мекеме;

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын.